


|  |  |                |
|--|--|----------------|
|  | <b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ<br/>СПОРТ МИНИСТРЛІГІ</b> | ПК 017-08-2018 |
|  | <b>Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР<br/>АКАДЕМИЯСЫ</b>        | №2-Редакция    |
|  | <b>Сапа саласындағы саясат</b>                                       | Бекіт. күн     |
|  |  | Бет. 1 - 2     |

**Қаралды:**

Ғылыми кеңес отырысында

№ 2 - хаттама

2018 ж. «28» 09.

**Бекітемін:**

Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» ДММ ректорының м. а.

Ш. Амиров

2018 ж. «28»



## Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ САПА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

**ҚР МСМ «Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі** (әрі қарай- Академия) Қазақстан мен Орталық Азияның көркемөнер білімі саласындағы мойындалған көшбасшысы болып табылады.

**Академияның миссиясы:** Қазақстан мен Орталық Азия халықтарының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, сақтау мен дамыту үшін өнер, мәдениет, білім және креативті индустрия саласындағы жоғары білікті мамандарды дайындау.

**Болашағы:** Т.Қ.Жүргенов ат. ҚазҰӨА - еліміздің және Орталық Азия өңірінің мәдениетін, өнері мен креативті индустриясын дамытуға ықпал ететін, шығармашылық мамандарды сапалы, көп деңгейлі етін даярлауға арналған білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын инновациялық білім беру, ғылыми-шығармашылық және мәдени-ағартушылық кластері.

Академия озат тәжірибе қағидаттары мен практикасын толық қолдайды және ISO 9001: 2015 «Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар» стандартының талаптарына сәйкес келеді.

Академияның сапа менеджменті жүйесін қолдану саласы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы білім беру қызметтерін көрсету болып табылады.

Академияның сапа менеджменті жүйесі Академияның даму стратегиясын қолдай отырып, жалпы өнімділікті өлшеу және жетілдіруге арналған негізді қамтамасыз етіп, үздіксіз жетілдіруге ықпал жасайды және тұтынушылар мен басқа мүдделі тараптардың талаптарын орындауды қамтамасыз етеді.

**Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында үздіксіз және тұрақты білім беру қызметін көрсету үшін Академияның басшылығы мен қызметкерлері төмендегі міндеттемелерді қабылдайды:**


✓ Академия тұтынушыларға қойылатын талаптарға және қолданыстағы нормативтік - құқықтық талаптарға толық жауап беретініне кепілдік етеді;

✓ Барлық мүдделі тараптардың талаптары мен үміттерін нақты түсінуді қамтамасыз ету;

✓ Үдерістік тәсілдің және тәуекелге негізделген ойлаудың қолданылуын қолға алу;

✓ Білім және тәжірибе арқылы қажет болған жағдайда барлық қызметкерлердің өз саласында құзыретін дамытудың жеткілікті дайындығымен және қолдауымен қамтамасыз етілетініне кепілдік беру.

✓ Дұрыс жоспарлау және талдау арқылы бакалавриаттың, магистратураның және докторантураның білім беру үдерісін жүзеге асыру үшін ресурстардың қолжетімділігін қамтамасыз ету.

|  |  |                |
|--|--|----------------|
|  | <b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ<br/>СПОРТ МИНИСТРЛІГІ</b> | ПК 017-08-2018 |
|  | <b>Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР<br/>АКАДЕМИЯСЫ</b>        | №2-Редакция    |
|  | <b>Сапа саласындағы саясат</b>                                       | Бекіт. күн     |
|  |  | Бет. 2 - 2     |

✓ Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мүдделер теңгерімін ескере отырып, өнім берушілермен, серіктестермен өзара қарым-қатынас жасауды қолдау мен дамыту үшін бұлжымастықты сақтау;

✓ Академияның қызметін бақылау мен бағалауға басшылықтың қатысуы жолымен сапа менеджменті жүйесін үздіксіз жетілдіру мүмкіндігіне ықпал жасау;

✓ Академияны тұрақты дамыту үшін сапа саласындағы саясатқа негізделген өлшенетін мақсаттарды жоспарлау және бекіту.